

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ САЯСИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КАФЕДРАСЫ**

**Тақырыбы: Ағылшындық саяси ойдың ерекшеліктері**

**Орындаған: Мейрамбек Нұрлыбек**

**Қабылдағын: Абдигалиева Г.К**

**Алматы 2016**

Zoom.ru



# ЖОСПАР

1. КІРІСПЕ

2.САЯСИ ОЙ

3.КӨРНЕКТЫ ӨКІЛДЕРЫ

4.ОЙЛАРЫ

5. ҚОРЫТЫНДЫ

6. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР



**САЯСИ ОЙ** - АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІНІҢ  
МАҢЫЗДЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІНІҢ БІРІ, МЕМЛЕКЕТ,  
МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫҒУ ТЕГІ, БИЛІК, САЯСИ  
БИЛІК, БОСТАНДЫҚ, САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ  
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН КӨЗҚАРАСТАРДЫҢ ДАМУ  
ДӘУІРЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ.  
АДАМДАР ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН  
ӘРКЕЗДЕ ӨТКЕНГЕ ҚАЙТА-ҚАЙТА ОРАЛЫП ОТЫРҒАН.  
БІРНеше ғасырлар бұрын қойылған сұрақтарға  
жауап іздеу арқылы әр ұрпақ өткен мен бүгіннің  
ортасындағы өз орнын табуға тырысады. Осы  
тұрғыдан қарастырғанда САЯСИ ОЙ  
ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ МӘНІ ЗОР. САЯСИ ОЙ  
ӘРТҮРЛІ КӨЗҚАРАСТАР МЕН ҰСТАНЫМДАРДЫҢ ӨЗАРА  
КҮРЕСІНІҢ АРҚАСЫНДА МЕМЛЕКЕТ, САЯСАТ, БОСТАНДЫҚ,  
Т.Б. МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАҢУ, ОЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІКТЕР МЕН  
ТҰЖЫРЫМДАРДЫ ТЕРЕҢДЕУ ҮРДІСІ ЖҮРДІ.




**Гоббс Томас (1588-1679)** - ағылшын философы және саяси ойшылы.

Гоббс мемлекетті «*жасанды дене*», құдайдың орнатуы емес, адамзаттың іс-әрекетінің нәтижесі деп анықтаған. Философтың ойынша мемлекет адамдар бытыраңқы өмір сүрген және «*барлығының барлығына қарсы соғысы*» жағдайында болған «*табиғи*» күйден қоғамдық келісімге келу негізінде пайда болды. Қоғамдық келісім нәтижесінде өз еркіндігін ерікті түрде шектеген жеке азаматтардың құқығы бейбітшілікті сақтау және азаматтарды қорғау функциясы берілген мемлекет басшысына немесе мемлекеттік органдарға беріледі. Гоббстын ойынша, қоғамдық келісім бір уақытта мемлекеттің және қоғамның пайда болуына әкеп соғады.<sup>[1]</sup>

Гоббс Томастың негізгі еңбектері "Азамат туралы ілімнің философиялық бастауы", "Левиафан, әлде материя, шіркеулік және азаматтық мемлекеттік билік, оның түрлері".

Гоббс Томас өзінің ілімінің негізіне жеке адамның жаратылысы туралы белгілі бір көзқарастарды алды. Туа бітті, жаратылысында адамдардың ойлау қабілеті де, шынығуы да бірдей деп есептейді. Сондықтан барлығы "бәріне құқылы". Бір жағынан, адам өте өзімшіл, оған қорқыныш, іштарлық сияқты қасиеттер де тән. Адамды тек қызғаншақтар, жаулар қоршайды. "Адам адамға қасқыр" принципін негіздеді. Осыдан келіп қоғамда соғыстар туындайды. Бірақ мұндай соғыстар кезінде "бәріне құқылы болу" деген - ешнәрсеге ешқандай құқы жоқ деген сөз. Мінеки, осы жағдайды Гоббс Томас "адамдардың жаратылысы немесе табиғи жағдайы" деп анықтаған. Адамдарға күшпен қатар, өлім қатері мен өзінөзі қорғау қасиеттері де берілген.





“

Оның ойынша, мемлекет қоғамдық келісімнің негізінде жалпыға бірдей бейбіт өмір мен қауіпсіздікті сақтау үшін пайда болды. Қоғамдық келісім бойынша патшаға (не мемлекет ұйымдарына) жеке адамдардың құқы тапсырылады. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке берді. Ол монархиялық мемлекетті ұнатты.

”



# ҚОРЫТЫНДЫ

XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. бірінші жартысында Батыс Еуропада капиталистік мәдениет заманалық екі қозғаушы күштің әсерімен дамыды. Оның біріншісі – капиталистік қатынастарға жол ашқан Ұлы Француз революциясы. Екіншісі – алдымен Англияда, сосын Франция және басқа Батыс Еуропа елдеріндегі күрделі өнеркәсіп өзгерістері (ірі машиналы индустрияның мануфактуралық өндірісті алмастыруы) капитализмді одан әрі нығайтты. Бұған орай жаңа қоғамдық құрылыс пайда болды. Өсіп келе жатқан буржуазия еркіндікке, жылдам алға дамуға, заңдылыққа тырысты. Сондықтан бұл кездегі буржуазиялық саяси идеологияның бас бағыты либерализм (ерікті, азат деген латын сөзінен шыққан) болды. Сонымен қатар капиталистер мен пролетариаттың арасындағы таптық күрестің үдеуіне байланысты кертартпалық пікірлер де туа бастады.